

«СЕНІМДІ ТӨЛЕМ ҮШІН ЖҮЛДЕ» НАУҚАНЫ

«Сенімді төлем үшін жүлде» маркетингтік науқаны (бұдан әрі – «Науқан») **26.10.2022 ж.-30.12.2022 ж.** аралығында өткізіледі.

Науқан қатысушысы болу үшін осы ережелерде (бұдан әрі – «Ережелер») көрсетілген шарттары орындау керек. Ережелер Науқанды өткізудің заңды шарттарын белгілейтін жалғыз құжаты болып табылады, және <https://beeline.kz> сайтында орналастырылады.

Науқан «КаР-Тел» ЖШС және «Казевромобайл» ЖШС (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы»). Компаниялармен өткізіледі.

Жалпы ережелер

1. «Сенімді төлем үшін жүлде» атауындағы ынталандыратын іс шара (Науқан) «Сенімді төлем» қызметін 26.10.2022 - 29.12.2022 ж. қоса мерзімі ішіне осы қызметте пайдаланған барлық пайдаланушылары үшін өткізіледі.
2. Науқан «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес ынталандыратын лотерея, бәс, тотализатор, құмар ойын немесе тәуекелде негізделген өзге ойын болып табылмайды.
3. Науқанға қатысушы келетін тұлғалар (бұдан әрі – «Қатысушылар») Науқанға қатысумен байланысты барлық әрекеттерді осы Ережелермен белгіленген тәртіппен, шарттарда, мерзімде орынауға міндетті. Науқанға қатысу Қатысушылардың осы Ережелермен толық келісетінін көрсетеді.
4. Науқан жарнамалық сипаттағы ынталандыратын іс-шара үшін белгіленген ережелер бойынша Ұйымдастырушымен жүргізіледі, осы Науқанға қатысу туралы ұсыныс осы Ережелердің талаптарын орындаған тұлғалардың шектелмеген ортасына бағытталған.

Науқан Қатысушылары:

- Beeline мобильді байланыстың есеп айырысулардың алдын ала төлем жүйесінің клиенттері;
- «Сенімді төлем» қызметінің технологиялық қолжетімділігі;
- 18 жас және одан үлкен жастағы;
- Қазақстан Республикасының азаматтары, немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзіне жеке тұлға ретінде рәсімдеген, нөмірдің дұрыс тіркелуі бар телефон нөмірінің иелері;
- Нөмірді қосу/қайта рәсімдеу/ауыстыру сәтінен басталатын мерзімге тең немесе 1 айдан артық;
- «Сенімді төлем» қызметін қосуға тыйым салынбаған (тыйым салуды клиент өзі орнатады және клиентпен бас тартылуы мүмкін);
- локациясы: Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ елден тыс жерлерде.

Науқан Ережелері

1. Қатысушы «Сенімді төлем» қызметін қосу бойынша операцияларды кез келген қолжетімді тәсілмен жасайды: *141# USSD-пәрмені, *100# USSD-пәрмені, Менің Beeline мобильді қосымшасы, Simply мобильді қосымшасы, Автоматты Сенімді төлем және т.б.
2. «Сенімді төлем» қызметін қосу шеңберінде ұсынылған ақшалай қаражаттардың сомасы кез келген болуы мүмкін. Науқанға «Сенімді төлем» қызметін қосқан кезде ұсынылған сома мөлшеріне тәуелсіз қызметті қосу бойынша барлық операциялар қатысады.
3. Апта сайын Науқанның жүлде қорына сәйкес жүлделерді ұсынумен «Сенімді төлем» қызметін қосу бойынша барлық операциялары арасында жеңімпазды кездейсоқ (рандомды) таңдау жүргізіледі.

4. Рандомды таңдауда Науқан кестесінде көрсетілген «Сенімді төлем» қызметін сол немесе өзге уақыт аралығында барлық табысты қосулар қатысады.
5. «Сенімді төлем» қызметін қосу бойынша операциялар қаншалықты көп болса, құнды жүлдені ұту мүмкіндігі соншалықты жоғары болады.

Науқанның жалпы шарттары, жүлде қоры және кестесі

1. Жеңімпаздар апта сайын «Сенімді төлем» қызметін кез келген қолжетімді тәсілмен қосу бойынша барлық операциялар арасында кездейсоқ таңдалады.
2. Жүлде қоры мыналардан тұрады:
 - SonyPlayStation5 ойын консоль – 3 дана
 - Dyson фені – 3 дана
 - Samsung Galaxy S22 смартфонны – 2 дана
 - iPhone 14 смартфонны – 1 дана
3. Жұлделерді көрсетумен Науқанды өткізу кестесі:

Іс-шара	Күні	Кезең бойынша барлық қосулар қатысады:	Жұлде
Науқанның басталуы	26.қаз		
№1 Ұтыс ойыны	07 қараша	26 қазан - 06 қараша аралығы	SonyPlayStation 5
№2 Ұтыс ойыны	14 қараша	07 - 13 қараша аралығы	Dyson фені
№3 Ұтыс ойыны	21 қараша	14 - 20 қараша аралығы	SonyPlayStation 5
№4 Ұтыс ойыны	28 қараша	21 - 27 қараша аралығы	Dyson фені
№5 Ұтыс ойыны	05 желтоқсан	28 қараша 04 желтоқсан аралығы	SonyPlayStation 5
№6 Ұтыс ойыны	12 желтоқсан	05 - 11 желтоқсан аралығы	Dyson фені
№7 Ұтыс ойыны	19 желтоқсан	12 - 18 желтоқсан аралығы	Samsung Galaxy S22
№8 Ұтыс ойыны	26 желтоқсан	19 - 25 желтоқсан аралығы	Samsung Galaxy S22
Супер ұтыс ойыны	30 желтоқсан	26 қазан мен 29 желтоқсан аралығы	iPhone 14

Науқанды өткізу тәртібі

1. Жеңімпаздарды Науқан кестесіне сәйкес <https://www.random.org/> сайтында арнайы компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, «Сенімді төлем» қызметін қосу үшін әрбір операцияға тағайындалған ұтыс кодтарын анықтау Науқанды ұйымдастырушы апта сайын кездейсоқ әдіспен анықтайды.
2. Науқанның Ұйымдастырушысы науқан шарттарын бұзған, жүлдеден өз еркімен бас тартқан немесе жүлдеге үміткермен байланыс болмаған жағдайда, жеңімпазды мүмкін ауыстыру үшін 2 резервтік (балама) жеңімпазды анықтайды. Алайда, Науқанды Ұйымдастырушы мұндай резервтік (балама) жеңімпаздар тізіміне енгізілген Қатысушылардың есімдерін жариялауға міндетті емес.
3. Ұтыс ойынының жеңімпазы атанған қатысушылар осы Науқан бойынша келесі ұтыс ойындарына қатыспайды. 2022 жылғы 26 желтоқсандағы финалды супер жүлде ұтысы ғана ескертуді құрайды. Осы ұтыс ойынына барлық қатысушылар бұрын алған жүлделеріне қарамастан қатысады.

4. Науқан жеңімпаздарын анықтағаннан кейін Науқанның жеңімпаз Қатысушысын хабарлау SMS-хабарландыру және телефон қоңырауы арқылы жүргізіледі. Науқан жеңімпазының телефоны өшірілген, қолжетімділік аймағынан тыс немесе Науқан жеңімпазы жеңімпаз анықталған сәттен бастап 24 сағат ішінде қоңырауларға жауап бермеген жағдайда (барлығы 24 сағат ішінде 3 қоңырау шалу жасалады (таңертең, түстен кейін, кешке)) немесе кез келген Науқанды Ұйымдастырушыға байланысты емес басқа техникалық себептерге байланысты, жүлде Науқанды Ұйымдастырушының шешіміне қарсы шығу мүмкіндігінсіз резервтік жеңімпазға жіберіледі.
5. Жеңімпаз жүлдеден өз еркімен бас тартқан, жүлдені алу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе Науқанды Ұйымдастырушысына байланысты емес кез келген басқа себептермен жүлде бірінші резервтік жеңімпазға жіберіледі. Бірінші резервтік жеңімпаз жүлдеден өз еркімен бас тартқан, жүлдені алу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе Науқанды ұйымдастырушысыға байланысты емес басқа себептермен жүлде екінші резервтік жеңімпазға жіберіледі. Екінші резервтік жеңімпаз жүлдеден өз еркімен бас тартқан, жүлдені алу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе Науқанды Ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген басқа себептермен Науқанды Ұйымдастырушы мұндай жүлдеге өз қалауы бойынша билік етуге құқылы.
6. Жеңімпаз Науқан Ұйымдастырушысына телефон қоңырауы арқылы хабарлама жасалған жұмыс күнінен кешіктірмей келесі мәліметтерді беруге міндеттенеді:
 - ТАӘ;
 - жеке басты куәландыратын құжаттың фотосын, екі жақтан;
 - тұрғылықты қаласы.
7. Науқанның Жеңімпазы сол жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға жоғарыда көрсетілген деректерді бермесе немесе байланысқа шығуды тоқтатса, көрсетілген тұлға тиісті жүлдені алу құқығынан айырылады.
8. Жеңімпаз жүлдені Beeline сату кеңсесінде алу мүмкіндігі туралы хабардар болған сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей жақын маңдағы Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесінде ала алады.
9. Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесінде жүлдені алу үшін жеңімпаз телефон нөмірін тіркеу деректерін сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі қажет. Нөмір жүлдені алатын абонентке тіркелуі тиіс.
10. Жүлдені алу үшін жеңімпаз тауарлық-материалдық сыйлықты қабылдау-тапсыру актісіне және белгіленген үлгідегі деректерді жариялауға келісім беру туралы өтінішке қол қоюы тиіс. Сондай-ақ Науқанды ұйымдастырушының қызметкерлерімен фототүсірілімін өткізу керек.
11. Жеңімпаз жүлдені алуға жүгінбесе және/немесе 9, 10-тармақтарда көрсетілген құжаттарды 8-тармақта көрсетілген мерзімде ұсынбаса, жеңімпаз жүлдені алу құқығынан айырылады. Жүлде жеңімпазбен талап етпеген деп саналады және ол болашақта талап ете алмайды. Науқанды ұйымдастырушы мұндай жүлдені өз бетінше жұмсау құқығын өзіне қалдырады.
12. Тіркелгенін растаған және 9, 10-тармақтарда көрсетілген құжаттарды ұсынған Науқанның жеңімпаздары жүлделердің иегерлері болады. Жеңімпаздардың нөмірлері (нөмірдің соңғы төрт саны) ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей beeline.kz сайтында жарияланады.
13. Науқанды ұйымдастырушы жеңімпазды телефон қоңырауы және SMS арқылы хабардар еткен сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде сыйлықтарды Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесіне жібереді.
14. Жеңімпаздың сату және қызмет көрсету кеңсесіне баруы мүмкін болмаған жағдайда, ұтыс нотариалды-куәландырылған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға берілуі мүмкін.
15. Науқанды Ұйымдастырушы Науқанның жүлделерін ұтып алған тұлғалардың жүлделерді алуы кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес туындаған табыс салығын уақтылы есептілікке және төлеуге жауапты болады. Науқанға қатысушылардың жүлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін Ережелерде көрсетілмеген барлық өзге төлемдерді Науқанның жүлдесін/жүлделерін алатын Науқан қатысушылары дербес төлеуі тиіс, Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға қатысушыларда туындауы мүмкін кез келген шығындар мен шығыстар үшін жауап бермейді.
16. Науқанға қатыс отырып, абонент Науқанның барлық шарттарымен толық келіседі. Науқан шарттарын орындай отырып, Қатысушы Науқанға қатысуға және осы Ережелермен

танысуға келісімін растайды, сондай-ақ қатысушы ұтыс ойынында жеңімпаз болған жағдайда, өзінің тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты қаласын Науқанды ұйымдастырушының сайтында және/немесе әлеуметтік желілерінде жариялау арқылы пайдалануға келісімін растайды.

17. Науқанды Ұйымдастырушы Қатысушыны осы Ережелерді бұзған жағдайда Науқанға қатысудан алып тастау құқығын өзіне қалдырады.
18. Науқанды Ұйымдастырушы Науқанды өткізу бөлігінде осы Ережелерді, Науқанның жүлде қорын өзгертуге, Науқанды өткізуде үзіліс жариялауға, Науқанды біржақты тәртіпте қысқартуға және/немесе ұзақтығын өзгертуге құқылы. Шарттарды Оператор біржақты тәртіпте Оператордың сайтында (beeline.kz) жариялау арқылы өзгертілуі немесе толықтыруы мүмкін.
19. Науқанды Ұйымдастырушының жұмыскерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалардың осы Науқанға қатысуға құқығы жоқ.

Қосымша шарттар

1. Осы Ережелерде немесе жарнамалық материалдарда көрсетілген жүлделер Ұйымдастырушы оны өткізу туралы Қатысушыларды хабардар етуге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдарда пайдаланатын осы жүлделердің кез келген фотоларын немесе графикалық кескіндері басқаша болуы мүмкін.
2. Жүлде қорын Науқанды ұйымдастырушы біржақты тәртіпте өзгерте алады.
3. Жүлделерді айырбастауға немесе ауыстыруға болмайды.
4. Жүлделерді басқа тауарлық-материалдық құндылықтармен, оның ішінде ақшалай қаражатпен алмастыруға болмайды.
5. Науқанға Қатысушы өз еркімен және өз бетінше «Сенімді төлем» қызметін қосуға тыйым салса, онда бұл тыйымды өшіру үшін *141*0*1# қоңырау шалу батырмасы USSD пәрменін пайдалану қажет.
6. «Сенімді төлем» қызметін қосуға тыйым салуды қайта орнату үшін USSD пәрменін *141*0# қоңырау шалу батырмасын пайдалану керек.